

Т. АБЫЛОВ Анкара университеті, Түркия, Анкара қ.
e-mail: abylovtt@gmail.com

АЛТЫН ОРДАДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫНА ӘСЕР ЕТКЕН ФАКТОРЛАР

Ислам діні қазіргі Қазақтан топырағына алғаш VIII ғасырда келсе де дала халқының толығымен мұсылмандануы тек Алтын Орда заманында (XIV ғасырдың ортасында) жүзеге асқан деп толық айта аламыз. Осы себептен қазақ халқының дәстүрлі діни дүниетанымының қалыптасуында Алтын Орда кезеңі маңызды орын алады. XIII ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Орта Азияда ислам халықтың көпшілігі ұстанатын дін еді. Алайда, моңғол шапқыншылығынан кейін, ислам діні өзінің жетекші орнынан айырылып, алып империядағы көп діндердің біріне айналды. Алтын Орда мемлекетінің алғашқы жылдарында-ақ қоғамдық санаға үстемдік ету үшін діндер арасында үлкен бәсекелестік жағдайы орын алды. Дегенмен көп өтпей, ислам діні алдыңғы орынға шықты. Берке хан заманында басталған Алтын Орданың мұсылмандану процесі, Өзбек хан тұсында мемлекеттің ресми дініне айналуымен аяқталды. Бұл жағдай тарихи һәм археологиялық деректер бойынша дәлелденіп отыр. Исламның Алтын Ордада орнығуына бірнеше мәдени, әлеуметтік, экономикалық және геосаяси факторлар әсер еткен деп тұжырымдауға болады. Өз кезегінде ислам діні дала халқының руханияты үшін күресте жеңіске жетіп қана қоймай, Алтын Орда мемлекетінің тарихында үлкен рөл ойнаған.

Түйін сөздер: Алтын Орда, дін, мұсылмандану, түркілер, моңғолдар.

T. Abylov

Ankara University, Turkey, Ankara,
e-mail: abylovtt@gmail.com

Factors that influenced the spread of islam in the Golden Horde

Although Islam began to penetrate the territory of Kazakhstan at the beginning of the 8th century, the complete Islamization of the population was during the Golden Horde (half of the 14th century). Therefore, the period of the Golden Horde is very important in the formation of the traditional religious worldview of the Kazakh people. Until the first quarter of the 13th century, Islam was the religion of the majority of the population in Central Asia. However, after the Mongol invasion, Islam lost its leading position and became one of the many religions in the vast empire. In the first years of the Golden Horde, there was a great competition between religions to dominate the public consciousness. But Islam soon took the lead at the end of this struggle. The process of Islamization of the Golden Horde, which began during the reign of Berke Khan, ended with the official religion of the state under the Uzbek Khan. This fact is confirmed by both historical and archaeological evidence. It can be argued that the spread of Islam in the Golden Horde was influenced by several cultural, social, economic, and geopolitical factors. Islam, in turn, not only won the struggle for the spirituality of the people, but also played a significant role in the history of the Golden Horde.

Key words: The Golden Horde, religion, Islamization, Turkic peoples, Mongols.

Т. АБЫЛОВ

Университет Анкара, Турция, г. Анкара,
e-mail: abylovtt@gmail.com

Факторы, повлиявшие на распространение ислама в Золотой Орде

Несмотря на то, что Ислам начал проникать на территорию Казахстана в начале VIII века, полная исламизация населения была во времена Золотой Орды (в половине XIV века). Поэтому период Золотой Орды имеет очень большое значение в формировании традиционного религиозного мировоззрения казахского народа. До первой четверти XIII века ислам был преобладающей религией среди народов Средней Азии. Но после монгольского нашествия ислам утратил свое ведущее положение и стал одной из многих религий в империи. Но после

возникновения Золотой Орды началась борьба между религиями за влияние на общественное сознание. В конце этой борьбы победил ислам. Процесс исламизации, начавшийся во времена Берке хана, завершился принятием ислама в качестве государственной религии при Узбек хане. Этот факт подтверждается как историческими, так и археологическими данными. Можно утверждать, что на распространение ислама в Золотой Орде повлияли несколько культурных, социальных, экономических и геополитических факторов. Ислам не только победил в борьбе за духовность народа, но и сыграл большую роль в истории Золотой Орды.

Ключевые слова: Золотая Орда, религия, исламизация, тюрки, монголы.

Кіріспе

XIII ғасырдың алғашқы жылдарына дейін моңғолдардың ислам әлемімен бейбіт сауда байланыстары бар еді. Бейбіт қарым-қатынастар Шыңғыс хан құрған мемлекет пен Хорезмшах мемлекеті арасындағы қанды соғыстан соң бұзылды. Осылайша, бүкіл ислам әлеміне үлкен қауіп төнді. Дегенмен көптеген мұсылман елдерін жаулап алған моңғолдар аз уақыт ішінде жергілікті халықтың дінін қабылдап, тіпті ислам дінінің жайылуына себепші болды. Өздерін жеңген халықтың дінін қабылдау тарихта қалыпты жағдай. Бірақ керісінше жағдай орын алса мұның маңызды себептері болуы тиіс. Сондықтан моңғолдардың исламды қабылдауы тарихтағы зерттеуді қажет ететін ең елеулі оқиғалардың бірі саналады.

Жалпы адамзат баласы діни дәстүрлерін берік сақтап, ата-бабаларының наным сенімдерін ұрпақтарына қалдыруға тырысады. Осы себептен де араларына келген жаңа наным-сенімдерді бірден қабылдамай қоймайды. Дәл солай, бастапқыда моңғолдарда да ата-бабаларының дәстүрлі дінін берік ұстанатын, алайда моңғолдардың бір ерекшелігі басқа діндердің де араларында таралуына қарсы болмайтын. Шыңғыс хан заңдары бойынша, басқа дін өкілдеріне еркіндік берілетін, діни төзімділік болған. Осы себептен болар кейіннен моңғолдар әр түрлі діндерді де қабылдай бастайды.

Шыңғыс хан құрған алып империядан еншісін алып бөлінген елдердің арасында Алтын Орда (Жошы ұлысы) мемлекеті де бар еді. Бұл елде әр түрлі этникалық және діни топтар өмір сүрген. Олардың арасында ислам діні алдыңғы орынға шығуына бірнеше фактор әсер еткенін байқауға болады. Оларға төменде жеке-жеке тоқталамыз және Алтын Орда дәуірінде жазылған араб, түрік және басқа тілдердегі тарихи деректерді талдай отырып қарастыратын боламыз.

Материалдар және әдістер

Тақырыпты зерттеу барысында Алтын Орда дәуірінде жазылған араб, парсы, түрік және т.б. тілдердегі түпнұсқа тарихи деректерді қарастыра отырып, мұсылмандануға әсер еткен факторларды анықтау тырыстық. Бұл үшін Алтын Орданың діни және саяси құрылымын жан жақты қарастырып, тек қана жалпы тарих кітаптардағы ғана емес, діни және әдеби кітаптар мен саяхатнамалардағы мағлұматтарға жүгіндік. Деректерді талдау барысында тарихилық және объективтілік ұстанымдарын басшылыққа алу маңызды саналады. Өйткені ол оқиғалардың тарихи алғышарттарын анықтап, себеп-салдарлы байланыстарына талдау жасап, қоғамдық өзгерістерге ықпал еткен факторларды анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, ғылыми жұмыстың құндылығын арттырады. Белгілі бір діни яки саяси идеологияға бұра тартпай, объективті ұстаным сақталған жағдайда, мәселенің мәнін ашып, салдарлары мен нәтижелеріне баға беруге болады. Осы себептен бұл зерттеуде ғылымилық, логикалық, жүйелілік әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талдаулар

Мәдени фактор

XIII ғасырда Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Бұл мемлекетте қала мәдениеті кешеуілдеп дамыды. Жалпы «мәдениет» сөзі арабша «бір жерге орналасу, орнығу» мағынасындағы «мәдәнә» етістігінен шыққан. Урбанизациямен тікелей байланысты «мәдениет» ұғымы араб тіліндегі «мәдинә» (қала) сөзімен түбірлес. Араб тілінде мәдениет немесе өркениет мағынасында «хадара» сөзі де қолданылады. Ал «хадари» деп көшпелі «бәдәуилік» өмірді тастап қалаға орналасқан адамға айтылады. Осы себептен мәдениеттің қала өмірімен тығыз байланысты екендігін аңғару қиын емес.

Алтын Орда мемлекетінің алғашқы жылдарында ескі қалалар мен елді мекендерді қайта қалпына келтіру қолға алынған еді. XIII ғасырдың ортасында Алтын Ордада жаңа қалалардың құрылысы басталған. Әсіресе Берке хан заманында (XIII ғасырдың 50-шы жылдарынан бастап 60-шы жылдардың ортасына дейін) қала құрылысы дамыды (Егоров, 2010:78). Бұл өз кезегінде ислам дінінің таралуына әсер етті. Себебі бұл қалаларда мұсылман саудагерлер көптеп шоғырланатын. Ғасырлар бойы қалыптасқан және әртүрлі мәдениеттердің мұрасына ие болған ислам әлемі, көшпелі халықтың діни және дүниеауи танымына әсер еткені сөзсіз. Алтын Ордада жаңа салынған қалаларда ислам сәулет өнерінің озық үлгілері сақталған Орта Азия мен Мысырдан алынған технология қолданылды. Мұсылман елдерінен Алтын Ордаға қолөнершілер мен ұсталар келетін (Шпулер, 2016:414,420). Осылайша олар жергілікті қала мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосты. Алтын Орда мемлекетінің алғашқы жылдарында-ақ хандардың Сарай Бату (Жувейни, 1911:18) мен Сарай Берке (әл-Қалқашанди, 1914:457) қалаларын салдырғаны тарихи деректерден белгілі. Сондықтан Алтын Ордадағы қалалардың құрылысына сол заманның танымал шетелдік ұсталары қатысты деп толық айтуға болады.

Қала құрылысы үшін географиялық орналасуы бойынша әртүрлі орындар таңдалатын еді. Бұл қалалардағы тұрғын үйлер негізінен күйдірілген кірпіштен салынатын болған. Орта Азия мұсылман қалаларының үлгісі бойынша қаланың жанына бекініс (оны парсыша «куһандиз» деп атайды, орыс тілінде «кремль») тұрғызылып, ал үлкен қалалардың маңайына шетелдік саудагерлер тұратын керуенсарайлар салынған. Қала қабырғалармен қоршалып, төңірегіне шұңқыр қазылатын болған (Шпулер, 2016:421).

Әрине, жеке үйлерге қарағанда қоғамдық ғимараттар кең әрі ауқымды етіп, тастан немесе күйдірілген кірпіштен салынған. Мысалы, Алтын Орда астанасы Сарайдағы хан сарайы сондай ғимараттардың бірі. Сондай-ақ, мешіттер де тастан тұрғызылған. 1287 жылы Мысыр сұлтаны Қалауын қазынадан екі мың динар қаражат бөліп, мысырлық шеберлерге Ескі Қырымдағы мешітті салдырған еді (әл-Мақризи, 1997:200). Кейіннен Алтын Ордада ғимараттар салу үшін жергілікті сәулеткерлер де қолданылған. Шпулер, Өзбек ханның Ескі Қырымдағы мешітін жергілікті ұсталар салғанын айтады (Шпулер, 2016:426). Осылайша Алтын Орда қала мәдениетінің

дамуымен қатар ислам діні таралды, мешіт-медреселер салынып, ғылым мен білім дамыды.

Әлеуметтік факторлар: мұсылман халық, мұсылман ханымдар мен мемлекет қызметкерлері

Үлкен әскери бірліктерімен келген моңғолдар Дешті Қыпшақ жерінде екі маңызды оқиғаға тап болды. Бұлардан біріншісі олардың көп өтпей түркіленуі, ал екіншісі болса мұсылмандануы еді. Моңғолдардың түркілену үрдісі Бату хан заманында-ақ басталған болса, мұсылмандануы Берке хан заманында басталып Өзбек хан дәуірінде аяқталды.

Алтын Орда моңғолдарының түркілену дәуірінің өте ерте кезеңдерде басталуының өте маңызды себептері болды. Бату ханның Батысқа жорығына қатысқан әскер санына қатысты әр түрлі пікірлер бар. Г. Вернадский әскер саны 150 мың шамасында болған десе (Вернадский, 2000:101), Л. Гумилев 40-50 мың болғанын айтады (Гумилев, 1992:116). Батуды әскерлері арасында түркілердің саны басым болып, тек әскербасылар моңғолдардан тағайындалатын еді (Хартог, 2007:224). Сондай-ақ, бұл өңірде бірнеше ғасырлар бұрын Хазарлар, Бұлғарлар, Оғыздар, Қимақтар мен Қыпшақтар сияқты түркі текті халықтар өмір сүретін еді. Әрі бұлардың көпшілігі көшпелі халықтар еді. Осы себептен Бату хан мен оның соңынан келген әскерлер және олардың отбасылары өмір сүру салты тұрғысынан жергілікті халықты бөтенсімей біте қайнасып, араласып кетті. Алтын Ордадағы моңғолдардың түркілену кезеңін Араб тарихшысы Әл-Омари (1301-1384) былай деп сипаттайды: *«Ежелден бұл мемлекет қыпшақтарға тиесілі еді. Бірақ татарлар бұл жерлерді басып алған соң, қыпшақтар оларға бағынышты болды. Содан кейін [татарлар] олармен [қыпшақтармен] араласып, туыс болды. Бұл жерлер кейін олардың [татарлардың] табиғаты мен тегінен басым түсіп, толығымен қыпшақтанды»* (әл-Омари, 1971:150).

Бұл түркілену процесінің қаншалықты жылдам жүзеге асқандығын көрсетеді. XIII ғасырдың соңында Алтын Ордада әдеби тілдің қыпшақша болғанын көруге болады. Сол замандағы Алтын Ордаға барған саудагерлер мен саяхатшылар қыпшақ тілін үйренудің моңғол тіліне қарағанда тиімдірек екендігін байқаған болатын (Saunders, 1971:176).

Алтын Ордадағы моңғолдық элементтің түркіленуі (қыпшақтануы) мұсылмандануымен

қатар жүрді. Еділ Бұлғарлары мен Хорезмде өмір сүрген түркі халықтарының көпшілігі мұсылман еді. XIII ғасырдың ортасында Алтын Ордаға келген саяхатшы, францискан монахы Уиллем жергілікті бұлғарлардың исламды берік ұстанатындығын жазады (Ruysbroeckli, 2010:143). Ал XIV ғасырдың жиырма-сыншы жылдарында доминикан монахы Уильям, Алтын Орданы бір мұсылман мемлекеті ретінде сипаттайды (William of Adam, 2012: 47-49).

Сонымен қатар, моңғолдар мұсылман елдерін жаулап алған соң, кейбірі сол жерлерге орналасты, сонда мұсылман әйелдермен үйленіп туыстық қатынастар орнатты. Мұндай қарым-қатынастар нәтижесінде мұсылман әйелдердің күйеулері мен балаларының діни наным-сенімдеріне ықпал еткендігін көруге болады. Әсіресе өз балаларының ислами әдеп пен тәрбие шеңберінде өсулерінде үлкен рөл ойнаған. Тарихшы ән-Нәсәуи, Шыңғыс ханның әскерлері 1220 жылы хорезмшах Мұхаммедтің әйелдері мен қыздарын тұтқынға алғанын, олардың арасында Хан Сұлтанды ұлы Жошымен үйлендіргенін және қалғандарын моңғол әскербасыларына бергендігін жазады (ән-Нәсәуи, 1953:300-301). Осы орайда, Жошы ханның Алтын Орданың бірінші мұсылман ханы Беркенің әкесі екендігін және оның исламды қабылдауында анасы Хан Сұлтанның үлкен рөлі болғандығын айта аламыз.

Алтын Орда хандары әйелдеріне үлкен құрмет көрсететін болған. Ханның әйелдері салықтан түскен қаражаттың біршама бөлігін алып отырған. Басқаша айтқанда, беклербекпен (эмир әл-умара) теңдей ақша алатын болған. Тарихшылар хан әйелдерінің екі жүз түмен ақша алғандығын, ал бір түменнің он мың дирхем болғандығын айтады (Ebu'l-Fida, h. 1286:93; Қалқашанди, 1914: 425-426). Мұсылман ханымдар мемлекет мәселелеріне де белсенді араласатын болған. Мәселен Ибн Халдун, Өзбек ханның таққа отыруына Баялун ханымның үлкен рөлі болғандығын айтады (Ибн Халдун, 2000:606). Атақты саяхатшы Ибн Баттута, Алтын Орда Өзбек ханның ханымдарына үлкен құрмет көрсететіндігін, бірінші ханым Тайтұғлының сарайдағы ең ықпалды әйел екендігін жазады (Ибн Баттута, 1987: 341). Сонымен қатар Ибн Баттута Алтын Ордадағы қарапайым халық арасында да әйелдердің мәртебесінің жоғары екендігін танданыспен жазады: *«Бұл жерде көрген таңқаларлық жағдайларымның бірі ерлердің әйелдерін өте қатты құрметтеулері еді»* (Ибн Баттута, 1987:336). Алтын Орда үлкен

мәртебеге ие болған мұсылман әйелдердің жақындарының исламды қабылдауында үлкен әсері болғандығында еш күмән жоқ.

Орта ғасырларда мемлекет қызметкерінің діни сенімі де маңызды саналған, яғни «ханның діні халықтың да діні» деген принцип болған. Сондай-ақ әділ басшылар халық тарапынан әрқашан бағаланып, құрмет көрген. Алтын Орданың алғашқы хандары мұсылман емес еді (Бату, Сартақ, Ұлақшы). Батудан соң таққа отырған Сартақ, хан болмай тұрып христиан дінін ұстанатын еді әрі сарайында христиан дін адамдары қызмет ететін (Ruysbroeckli, 2010:126). Тарихшы Жүзжани, Сартақ ханның, туысы Беркемен тек мұсылман болғандығы үшін ғана онымен жолығуды қаламағандығын жазады (Жүзжани, 1864:450).

Берке ханның заманында Жошы ұлысында мемлекетте мұсылмандану процесі басталды. Ислам дінін ұстанатын Берке хан (1256-1267) мемлекеттегі лауазымды қызметтерді мұсылмандарға бере бастайды. Өз кезегінде Алтын Ордадағы беделді мұсылмандар Беркенің саяси реформаларын қолдап отырған. Тарихи деректерге қарағанда, Берке хан мұсылмандардан Шарафуддин Қазуини атты кісіні уәзірі етіп тағайындаған. Алтын Ордаға келген Мысырлық елшілер бұл уәзірдің түрікше және арабша жақсы білетінін айтқан (Ибн Әби Фадаил, 2017:125). Берке хан Алтын Орданы басқарып тұрған тұста оның қарамағына Ирандағы моңғол билеушілерінен қашқан көптеген ғалымдар мен дін білгірлері келген. Сәйкесінше бұл адамдарға әр түрлі мемлекеттік қызметтер берілген.

Берке ханнан кейін мұсылмандану процесі тоқтаған жоқ. Өмірінің соңында исламды қабылдаған Тоқта хан заманында мемлекеттік қызметке мұсылмандар көптеп келе бастайды (Golubovich, 1906:384). Тоқта ханның тұсында Хорезмді Құтлық Темір атты күдіретті мұсылман әмір басқаратын еді. Тоқта ханнан кейін Өзбек ханның таққа шығуына жәрдемдескендер де осы Құтлық Темірдің айналасында топтасқан мұсылман элита болатын (Ибн Халдун, 2000:606).

Сопылық факторы

Алтын Ордада ислам дінінің кең таралуына сопылықтың да үлкен рөлі болды. Моңғол шапқыншылығынан бұрын Еділ Бұлғариясы, Хорезм және Қырым сияқты жерлерде сопылық ілімі таралған болатын. Бұл жерлер кейін Алтын Орданың құрамына кірді. Ислам әлемінде

X ғасырдан бастап исламның мистикалық бағыты сопылық алдыңғы орынғы шыққан еді. Бұл процесс Алтын Орда мемлекеті құрылған заманда да жалғасты (Галияхметова, 2006:295).

Сопылық немесе тасаууф, арабша «суф» яғни «жүн» сөзінен шыққан. Өйткені алғашқы сопылар жүннен жасалған киімдер киетін еді. Бұл дәстүр Алтын Орда дәуірінде де ұмытылмағанға ұқсайды. Мәселен, Ибн Баттута Мажар қаласындағы Рифаи тариқатының шейхі Мұхаммед әл-Батаһидің сапарға шыққан фақиһтердің біріне жүннен жасалған шапан кидіргенін жазады (Ибн Баттута, 1987: 336).

Алтын Ордада ислам ең басынан бері сопылық жолы арқылы таралды десек артық айтқан болмаймыз. Тарихшы әл-Айни (ө.ж.1451), Хорезмде сопылық ілімін таратқан Нәжмуддин әл-Кубра мүридтерінің арасында «Сағдуддин әл-Хамауиді Хорасанға, Кемалуддин әс-Сирақи (Сығнақи болуы мүмкін Т.А), Низамуддин әл-Жендиді Қыпшаққа, Сәйфуддин әл-Бахарзиді Бұхараға» (әл-Айни, 2010:91) жібергенін айтады. Осылардың арасында шейх Сәйфуддин әл-Бахарзиден Алтын Орданың ханы Берке исламды қабылдаған еді. Сол заманнан бері сопылар мен Алтын Ордадағы билеуші сынып арасында жақсы қарым-қатынастар бұзылмаған. Хандар атақты шейхтер мен тариқат пірлеріне келіп ақыл-кеңестерін тыңдайтын болған.

Тарихи деректерде Алтын Орда ханы Туда Меңгуге сопылық ілімнің әсер еткені соншалық тағынан бас тартуға дейін барғаны айтылады. Тудан Меңгу хан «дүние істерінен бас тартып, игілерге ереді және өзінің орнына бауыры Төле Бұғаны таққа отырғызуға кеңес береді» (Әл-Мансури әл-Дәуадар, 1998:131). Тудан Меңгу бұл әрекеті сол заманда сопылықта кең таралған «дүниені тәрк етуі» (Тәрк-і дүние), «азға қанағат ету» сияқты ұстанымдарына негізделген еді.

Алтын Ордада ислам дінінің таралуында Кубрауи тариқатымен қатар, Яссауи тариқаты да маңызды рөл ойнады. Авторы белгісіз «Шажарат әл-әтрак» (1457 жылы жазылған) атты еңбекте Өзбек ханның исламды Саид атадан хижри 720 жылы (1320-1321) қабылдағаны айтылады (The Shajarat ul-Atrak, 1838:231). Америкалық зерттеуші Девин Деуис, Саид атаның, Ибн Баттута саяхатнамасында атын жазып қалдырған Саид ибн Абдулхамид болуы мүмкін екендігін айтады. (DeWeese, 1994:132–133). Ибн Баттута, оны «әс-саид әш-шәриф» және «нақиб әш-шурафа» деген атақтарымен қатар атаған (Ибн Баттута, 1987:339). Девин Деуис, Саид атаның шын аты Ахмет болған деп болжайды (DeWeese, 1994:359).

XVI ғасыр тарихшыларынан Өтеміс қажы «Шыңғыснамасында» Өзбек ханның исламды қабылдауына әсер еткен тұлғаның Баба Түклес есімінде бір әулие болғандығын жазады. Қазақ аңыз-әпсаналарында оның аты Баба Шашты Түкті Өзіз деп айталады. Девин Деуис жоғарыда аты аталған Саид атамен осы Баба Түкlestiң арасындағы байланысты зерттей келе бұл екі кейіпкердің бір тұлға екендігіне ешқандай дәлел жоқ деген қорытындыға келеді (DeWeese, 1994:129, 375–379). Насапнамалардағы бір дерекке сүйене отырып, Баба Түкlestiң Саид атаның сүт бауыры болғандығын айтады (DeWeese, 1994:371–372).

Атақты түрколог В. Бартольд, «[Өзбек хан] Исламды қабылдаған соң, оған Сұлтан Мұхаммед Өзбек хан атын берген Шейх Саид ата (есімі Ахмед) еді. Ол Ташкент маңында жерленген Зеңгі атаның шәкірті» (Бартольд, 2002:140–142) деп жазады. Бұл жерде Бартольд атап өткен Зеңгі атаның Сүлеймен Бақырғанидің (Хәкім ата) мүридi екендігін, ал Сүлеймен Бақырғани болса Ахмед Яссауидің мүридi екендігін айта кету керек. Сәйкесінше аталмыш тұлғаларды Яссауи ілімін таратушылар деп айта аламыз.

XVIII тарихшысы Әбдұлғаффар әл-Қырымиді «Умдәту әт-Тауарих» атты еңбегінде Алтын Ордада Берке ханнан кейін ислам дінін таратқан басқа да шейхтердың есімдерін атайды: «Хазіреті Әли ұрпағы Шейх Мәжидуддин Ширвани, Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық ұрпағы Баба Түклес Шейх Нәжибубуддин, Пайғамбардың ұрпақтарынан басқа екі сейіт (саид) – Шейх Ахмед және Шейх Хасан Гүргани» (Кігімі, 1343:35-36). Девин Деуис, Шейх Мәжидуддин Ширванидің немересі Саид Яхия Ширваниді (ө.ж. 1463 немесе 1465) XVII ғасырда Анадолия мен Қырымда тараған Халветийе тариқатын құрған тұлға болған деп көрсетеді (DeWeese, 1994:358).

Алтын Ордада ислам дінін таратуда тек Орта Азиялық емес, сонымен бірге Анадолидан шыққан сопылық өкілдері үлкен рөл атқарды. Солардың бірі аңыз тұлға Сары Салтық еді. Ол Анадолиядағы тақ таласында жеңіліп, 1263-1264 жылдары Қырымға көшкен селжұқ сұлтаны II. Иззеддин Кейкавусқа он екі мың адамдық тайпасымен келіп қосылған (Осак, 1978:67). Сол заманда Анадолиядағы Кейкавус жақтастарының жағдайы қиындағандықтан, Қырымға, яғни Алтын Орда иеліктеріне үдере көшу басталған (Туран, 1998:458-590). Бұл өз кезегінде ислам дінінің Алтын Ордада таралуына жол ашты.

XVII ғасырда өмір сүрген Османдық саяхатшы әрі тарихшы Әулие Челеби, Сары Салтықты Ахмет Яссауидің Анадолыдағы Қажы Бекташ-и Уәлиге жіберген үш жүз жетпіс дәруішке басшылық жасаған тұлға ретінде көрсетеді. Салтықбай атымен танылған Сары Салтықтың шын аты Мехмед Бұхари екендігін айтады (Evlıya Çelebi, 1999:657).

Сары Салтықтың өмірбаяны саналатын Салтықнамада оның ғазуат жорықтары туралы да көп айтылады. Сары Салтық ғазуат соғыстарын Анадолыда Гияседдин Кейхүсрев заманынан бастап, Иззеддин Кейкавус дәуірінде де жалғастырғаны айтылады. Сол заманда Қырымдағы Судак қаласы маңында Баба Салтық деген кент салынған. Сары Салтық бұл кентті ғазуаттарда әскери база ретінде қолданған. Салтықнамада Сары Салтықтың аты аталмай тек «татар ханы» деп көрсетілген Алтын Орда ханымен қатар соғыстарға қатысқаны айтылады. Аталмыш «татар ханының» Берке хан болуы әбден мүмкін. Себебі Сары Салтық Алтын Орда жерінде өмір сүрген тұста яғни хиджри 663/миладиді 1264-1265 жылында Берке хан мен Ноғай бастаған Алтын Орда әскерлері илхандықтарды Кавказдағы Терек өзенінің жанында жеңіліске ұшыратқан еді (Ән-Нуәйри, 2004:245).

Бұл жеңісті сол дәуірдегі мұсылман дін ғалымдары Берке хан мен әмір Ноғай илхандықтардан халифаттың кегін қайтарды деп бағалаған. Осы себептен көрші Анадолы мен Хорасаннан Алтын Орда жеріне соғысқа қатысқысы келген мұсылман ғазуатшылар келе бастаған. Мысалы, осы кезеңде Әзірбайжаннан Сафеуддин Эрдебилі мүридтерімен бірге Қырым мен Дешті Қыпшаққа келген (Togan, 1981:268).

Экономикалық фактор

Сауда – тарихи процестегі ең күшті факторларының бірі. Тарихта оның қоғамдық өмірге әсер етпеген кезеңі жоқ. Сондықтан сауда қатынастары әр түрлі діни сенім мен мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынастарда да әрқашан маңызды рөл ойнады.

XIII-XIV ғасырларда Ұлы Жібек жолының оңтүстіктегі тармағы Таяу Шығыста орын алған соғыстар мен қақтығыстар нәтижесінде қауіпті болатын. Осы себептен солтүстік жолы, яғни Алтын Орда территориясы тандалатын. Бұл өз кезегінде Алтын Ордадағы қалалардың дамуы мен гүлденуіне ықпалын тигізді. Илхандық мемлекет қайраткері әрі тарихшы Ата Мәлік

Жувейни Бату хан туралы былай дейді: «Қолы ашық жомарт еді. Көрші елдердің патшалары жіберген сыйлықтарды қазынаға қоймай, аз-көп демей сол жердегі моңғол, мұсылман бәріне таратып беретін. Шет елдерден келген саудагерлердің тауарларын түгел сатып алып, оларға артығымен төлейтін» (Жувейни, 1911:222). Зерттеушілер, Батудан Өзбек ханға дейінгі барлық Алтын Орда хандарының саясаты қалалық мәдениетті, сауда мен өндірісті ең жоғары дәрежеде дамыту болғанын жазады (Греков, Якубовский, 1950:153-155).

Алтын Орда астанасы Сарай әр түрлі жерлерден келген саудагерлердің біраз уақыт тұрақтап қалатын жері болған (Ибн Баттута, 1987:363). Саудагерлер өздері және тауарлары қорғалатын арнайы жерлерде тұрған. Олар Еділ бойынан солтүстіктегі басқа өңірлерге де бару арқылы саудаларын жасайтын (345).

Осылайша орта ғасырларда мұсылмандардың Орта Азия мен Таяу Шығыста сауда экономика саласындағы алда болуы көптеген халықтардың ислам дінін қабылдауына әсер етті. Алтын Орда халқының көпшілік бөлігі ислам дінін саудагерлер арқылы таныды. Осы орайда Әбілғазы Баһадүр хан тарихи еңбегінде, Берке ханның исламды алғаш рет Бұхарадан келген екі саудагер арқылы танығанын айтады (Абулғозий, 1992:107).

Геосаяси фактор

1258 жылы Хулагу бастаған моңғолдар (илхандықтар) Аббаси халифатының астанасы Бағдатты алады. Осылайша илхандықтар халифатты жойып, халифаны өлтіру арқылы мұсылмандардың дұшпанына айналды. Илхандықтар сол кезден бастап қазіргі Иран мен Ирак жерлерін іс жүзінде 1335 жылы соңғы билеуші Абу Саид қайтыс болғанға дейін басқарды.

Илхандықтар көпшілік мұсылмандар өмір сүретін жерлерді басқарғанды және олар дәстүрлі діни сенімдерінде қалып, мемлекетіндегі христиандарға қамқоршы болды. Сыртқы саясатында Византиямен және мұсылман елдеріне крест жорықтарын ұйымдастырып отырған католик әлемімен одақтас болды. Сондай-ақ, илхандықтар Құбылай қағанды мойындайтын, ал оның саясаты бір кезеңдерде негізінен мұсылмандарғы қарсы бағытталған еді (Чулууны Далай, 1983:75).

Осы тұста Мысыр мен Шамда Аюбилер мемлекеті әлсіреп, Қыпшақ текті мәмлүктер мемлекет тізгінін қолдарына алды. 1260 жылы

мәмлүктер илхандықтарды Айн Жалут деген жердегі шайқаста ойсырата жеңеді. Бұдан кейін кресшілер мен илхандықтарға қарсы соғыстарда мәмлүктер әрқашан ислам әлемінің қорғаушылары ретінде көріне бастайды.

XIII ғасырдың үшінші ширегінде әлем саясатында маңызды өзгерістер болды. Алтын Орда билігі Кавказ бен Иранның солтүстігіндегі территориялар үшін илхандықтармен үнемі күресуге мәжбүр болды. Себебі Шыңғыстан соң Жошы ұлысына Хорезм, Саксин және Бұлғардан бастап Дербентке дейінгі жерлер, сондай-ақ батыста *«татар атының тұяғы тиген барлық жерлер»* (Жувейни, 1911:31) берілген еді. Әл-Омари, Шыңғыс ханның өсиетіне сәйкес Арран, Тебриз, Хамадан және Мераге аймақтары Жошы ұлысының құрамына кіреді деп жазады (әл-Омари, 1971:101-102). Сауда жолдарының бойында орналасқан бұл қалалардың экономикалық үлкен маңызы болған. Илхандықтар Иран мен Иракта үстемдік орнатқаннан соң аталмыш аймақтардағы Алтын Орда үстемдігін мойындамады. Бұл жерлерді илхандықтарға беріп қою Жошы ұлысының экономикалық және саяси мүдделеріне де теріс келетін еді. Өз кезегінде бұл Шыңғыс ұрпақтары құрған екі мемлекет арасындағы соғыстарға себеп болады.

1260 жылы Мәмлүктер Аббаси халифатын қалпына келтіре алды. Берке хан мұсылман болғандықтан Аббаси халифасын мойындады. Осылайша, Алтын Орда мемлекеті ислам әлемінде жетекші күшке айналады. Дәл осы кезде бір жақта илхандықтармен басқа жақта кресшілермен күресуге мәжбүр болған мәмлүктер де күшті одақтасқа зәру еді. Хижри 661 (1263) жылдан бастап Алтын Орда мен Мысыр арасында елшілер жүрді. Берке хан елшілері арқылы мәмлүк сұлтаны Байбарысқа өзінің және халқының мұсылман екендігін, илхандықтарға қарсы бірігіп соғысулары керектігін жеткізді. Байбарыс та өз кезегінде елшілері арқылы хаттарында мұсылман ынтымағын сақтаудың маңыздылығын, Мұхаммед пайғамбардың өзі дін үшін Құрайыш бауырларымен күрескенін ескерте келе Берке ханды илхандықтарға қарсы болатын қасиетті соғысқа ынталандырған еді (Ибн Әбдуззахир, 1976:88-89). Бұдан одақтың құрылуында діннің мотивациялық тұрғыдан қаншалықты әсер еткендігін анық байқауға болады. Нәтижеде Алтын Ордалықтар мен мәмлүктер арасында илхандықтармен одақтастарына қарсы әскери одақ құрылады.

Осы тұста Византия императоры Михаил VIII Палеолог илхандықтармен одақтастықты

нығайтуғатырысты. Тіпті қызы Мария Деспинаны қымбат жасауларымен Хулагу илханға тұрмысқа беру үшін аттандырды. Мария жолда Кайсериге жеткенде Хулагудің өлгені туралы хабар жетеді. Бірақ сонда да сапарын жалғастырып, Хулагудің ұлы Абака илханға тұрмысқа шығады (Ebu'l-Fetec, 1987:585). Византияның ол уақытта Алтын Ордаға қарсы шығуға шамасы жетпейтін, сондықтан илхандықтардың қолдауына мәжбүр еді.

Алтын Орда илхандықтар мен оның одақтастарына қарсы өзінің әскери күшін бірнеше рет пайдалануға да мәжбүр болады. Берке ханнан кейін де таққа отырған кейбір хандар мұсылман болмаса да Алтын Орда мен Мысыр арасындағы одақтастық үзілмеді. Бұл өз кезегінде Алтын Орданың сыртқы саясатын қалыптастырды және алдағы уақытта ислам әлемінің бір бөлігіне айналуына жол ашты.

Қорытынды

Осылайша, Алтын Ордада исламның таралуына бірнеше фактордың әсер еткенін, не себептен ислам басқа діндермен салыстырғанда мүмкіндігінің көбірек болғандығын анықтауға тырыстық. Алтын Орданың мұсылмандану процесі туралы зерттеулердің дін тарихы тұрғысынан үлкен маңызы барын ескерсек, бұл тақырыптың әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Қорытындылай келе, көшпелілердің дамыған қалалық мәдениетпен ұшырасуы олардың дүниетанымына үлкен әсер еткен деп ойлаймыз. Өйткені мәдениет, қалалармен тығыз байланысты ұғым, ал бұл жағдайда ислам әлемінің орта ғасырларда басқалардан көш ілгері болғаны белгілі. Алтын Ордада қалалардың мұсылман сәулет стилінде салынуына мұсылман халықтарымен арадағы мәдени қарым-қатынастар себепші болған, бұл өз кезегінде исламның кең таралуына әсер еткен деп бағамдауға болады.

Алтын Ордада исламның таралуына тағы басқа бірнеше әлеуметтік факторлар да әсер етті. Біріншіден, Алтын Ордада халықтың негізгі бөлігі көшпелі түркі тайпалары еді. Олар исламмен өте кезеңдерден бері таныс еді. Бұл моңғолдардың көпшілік түркілер арасында сіңіп, түркілену мен мұсылмандануына себепші болды. Екіншіден, моңғол элитасының мұсылман ханымдармен үйленуі жаңа буын мұсылман билеушілерін шығуына себепші болса, мемлекеттік қызметке мұсылмандардың көптеп алынуы исламның мемлекеттік ресми дін болуы мүмкіндіктерін арттырды.

Алтын Орда территориясында Орта Азиямен қатар Анадолыдан келген исламның мистикалық бағыты саналатын сопылық өкілдерінің белсенді түрде дін таратулары, элитадан бастап қарапайым халыққа дейін үлкен әсер етті. Сондай-ақ, Алтын Орданың орта ғасырларда ең маңызды сауда жолдары бойында

орналасуы, сауда экономикалық қатынастарда мұсылмандардың белсенділігі, бұл сауда жолдарына бақылау жасау үшін Алтын Орданың илхандықтармен таласқа түсуі, илхандықтарға қарсы мұсылман елдерімен одақтасуы геосаяси тұрғыдан көп діндердің арасында исламның таңдалуына себеп болған факторлар еді.

Әдебиеттер

- Абулғозий, Шажарайи турк (1992). Ред. Б. А. Ахмедов, Ташкент, Чулпон.
- Әл-Айни, Бадруддин (2010). Иқд әл-жуман фи тарихи әһл әз-заман, Т.1, ред. Мухаммад Мухаммад Амин, Каир: Дар әл-кутуб уә уасаик әл-қаумийа.
- Әл-Қалқашанди (1914). Әбу әл-Аббас Ахмед, Сүбх әл-а'ша фи сина'ат әл-инша, Т. 4, Каир: әл-Матбаату әл-Әмирийа.
- Әл-Мақризи (1997). Ахмад б. Әли, әс-Сулук ли-марифәти дуәли әл-мүлүк, ред. Мұхаммед Әбдүлкадир Ата, Т. 2, Бейрут, Дару әл-Кутуби әл-Илмийа.
- Әл-Омари, ибн Фадлуллаһ (1971). Мәсалику әл-Әбсар фи Мәмалики әл-Әмсар, Мәмалику әш-Шарқи әл-Ислами уә әт-Турки уә Мысири уә әш-Шаами уә әл-Хиджази, Т.3, ред. Кәмил Сулейман әл-Джабури, Бейрут: Дару әл-Кутуби әл-Илмийа.
- Әл-Мансури әд-Дәуадар (1998). Байбарыс, Зубдәту әл-фикра фи тарихи әл-хиджра, ред. Доналд С. Ричардс, Бейрут.
- Ән-Нәсәуи, Мұхаммед (1953). Сирату әс-Султан Жәләлуддин Манкубирти, ред. Хафиз Ахмед Хамди, Каир: Дар әл-фикри әл-Араби.
- Ән-Нуәйри, Ахмед ибн Әбдүлаһһаб (2004). Ниһаяту әл-Әрәб фи фунуни әл-Әдәб, Т. 27, тхк. Др. Нәджиб Мустафа Фәууаз, Др. Хикмет Кәшли Фәууаз, Бейрут: Дару әл-Кутуби әл-Илмийа.
- Бартольд В.В. (2002). Двенадцать лекций по истории турецких народов // Бартольд В.В. Работы по истории, филологии тюркских и монгольских народов. Москва: Вост. лит-ра.
- Вернадский Г.В. (2000). Начертание русской истории. Санкт-Петербург: Лань.
- Галиахметова Г.Г. (2006). “Суфизм в Золотой Орде”, Материалы международной конференции «Суфизм в Иране и Центральной Азии», Алматы.
- Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. (1950). Золотая Орда и ее падение, Москва- Ленинград.
- Гумилёв Л.Н. (1992). От Руси к России, Москва: Экспрос.
- Егоров В. (2010). Историческая география Золотой Орды в XIII-XVI вв, Москва: Красанд.
- Жувейни Алааддин Ата Мәлик (1911). Китаб-и Тарих-и Джихан Гушай, ред. Мухаммед б. Әбдүлаһһаб-и Казвини, Т.1, Лейден, Брилл.
- Жүзжани Әбу Омар Минхаджуддин Осман б. Сираджиддин (1864). Табакаат-и Насыри, ред. У. Нассау Лис, Хадим Хусейн, Абдулхай Сахбан, Калькутта, Колледж Пресс.
- Ибн Әбдузахир, Мухиддин (1976). Әр-Раудату әз-Захиру фи сирати әл-мәлики әз-Захир, ред. Әбдуләзиз әл Хуәйтыр, Әр-Рияд.
- Ибн Әби Фадаил (2017). Муфаддал, ән-Нәхджу әс-сәдид уә әд-дурру әл-фәрид фима ба'д тарихи Ибни әл-‘Амид, ред. Др. Мұхаммед Кәмалуддин Иззуддин Әли әс-Сеййид, Дамаск, Дару Са'дуддин.
- Ибн Баттута (1987). Тухфату ән-Нуззар фи Ғараиб әл-Әмсар уә ғаджәйбу әл-Әсфар, Бейрут: Дару әл-Ихйя'у әл-‘Улум.
- Ибн Халдун (2000). Тариху ибн Халдун, Т. 5, Бейрут: Дар әл-Фикр.
- Хартог Лео (2007). Чингисхан. Завоеватель мира. Москва: Олимп.
- Чулууны Далай (1983). Монголия в XIII–XIV веках, Москва, 1983.
- Шпулер Бертольд (2016). Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг., Ауд. М.С. Гатин, Қазан.
- Golubovich Girolamo (1906). Biblioteca bio-bibliografica della Terra santa e dell'Oriente francescano, Quaracchi, Т. 1, Firenze: Collegio di S. Bonaventura, 1906.
- De Weese Devin (1994). Islamization and Native religion in the Golden Horde. Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. Pennsylvania: Pennsylvania State University Press, University Park.
- Ebu'l-Ferec Gregory (1987). Abu'l-Farac Tarihi, С. II, Çev. Ömer Rıza Doğrul, Ankara, 1987.
- Ebu'l-Fida, Tarihu Ebi'l-Fida: Muhtasar fi tarihü'l-beşer, IV, İstanbul: Daru't-Tibaati'l-Amire, h. 1286.
- Ebu'l-Gazi (1925). Bahadır Han, Şecere-i Türk, İstanbul: Matba'a-i Âmire, 1925.
- Evliya Çelebi (1999). Günümüz Türkçesiyle Evliya Çelebi Seyahatnamesi, C.I, 2. kitap, haz. S. A. Kahraman, Y. Dağlı, İstanbul, Yapı Kredi Yayınları.
- Kırmî, Abdülgaffar (1343). Ümdetü't-Tevarih, İstanbul: Matba'a-i 'amire, h.
- Köprülü M. Fuad (1984). Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar, Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları.
- Ocak Ahmet Yaşar (1978). “Sarı Saltık ve Saltıknâme”, Türk Kültürü, Sy: 197.
- Rumî, Ebü'l-Hayr (1987). Saltık-Nâme, Haz. Şükrü Halûk Akalın, Ankara: Kültür Ve Turizm Bakanlığı Yay.
- Ruysbroeckli Willem (2010). Mengü Han'ın Sarayına Yolculuk 1253–1255, çev. Z. Kılıç, İstanbul, Kitap Yayınevi.

- Saunders J. (1971). The history of Mongol Conquests, London.
 The Shajarat ul-Atrak, or Genealogical tree of the Turks and Tatars (1838). çev. Col Miles, Londra, 1838.
 Togan Zeki Velidî (1981). Umumi Türk Tarihine Giriş, 3. Baskı, İstanbul: Enderun Kitabevi, 1981.
 William of Adam (2012). How to defeat the Saracens, ed. and trans. Giles Constable, Washington DC: Dumbarton Oaks Research Library and Collection.

References

- Abulgozi, Shajarai-i turk [Genealogy of the Turks], ed. B. A. Ahmedov, Taşkent, Chulpon, 1992.
 Al-Aini, Badruddin, 'Iqd al-Juman fi Tarikh Ahl al-Zaman,, V.1, ed. Muhammad Muhammad Amin, Cairo: Dar al-kutub ua uasaq al-qaumiyya, 2010.
 Al-Mansuri Ad-Dauadar, Baibars, Zubdat al-fikra fi tarikh al-hijra, ed. Donald S. Richards, Beirut, 1998
 Al-Maqrizi, Ahmad b. Ali, As-Suluk li-Marifati duwali al-Muluk, ed. Muhammed Abdulqadir Ato, V. 2, Beirut, Daru al-Kutubi al-İlmiyya, 1997.
 Al-Omari, ibn Fadhlullah, Masaliku al-Absar fi Mamaliki al-Amsar, Mamaliku ash-Sharqi al-İslami ua at-Turki ua Mysri ua ash-Shami ua al-Hijazi, V.3, ed. Kamil Suleiman al-Jaburi, Beirut: Daru al-Kutubi al-İlmiyya, 1971.
 Al-Qalqaşandi, Abu Al-Abbas Ahmed, Subh al-a'sha fi sina'at al-insha, V. 4, Cairo: Al-Matbaatu al-Amiriyya, 1914.
 An-Nasawi, Mohammed, Siratu as-Sultan Jalaluddin Mankubirti, ed. Hafiz Ahmad Hamdi, Cairo: Daru al-fikri al-Arabi, 1953.
 An-Nuairi, Ahmed ibn Abdulwahhab, Nihayatu al-Arab fi fununi al-adab, V. 27, ed. Dr. Najib Mustafa Fawwaz, Dr. Khikmet Kashli Fawwaz, Beirut: Daru al-Kutubi al-İlmiyya, 2004.
 Barthold V. V., Dvenadsat leksii po istorii tureskih narodov // Bartold V.V. Raboty po istorii, filologii trkskih i mongolskih narodov [Twelve lectures on the history of the Turkish peoples // Barthold V. V. Works on the history, philology of the Turkic and Mongolian peoples]. – Moscow: Vost. lit-ra, 2002.
 Chuluuny Dalai, Mongolia v XIII–XIV vekah [Mongolia in the XIII-XIV centuries], Moscow, 1983.
 DeWeese, Devin. Islamization and Native religion in the Golden Horde. Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. Pennsylvania: Pennsylvania State University Press, University Park, 1994.
 Ebu'l-Ferec, Gregory, Abu'l-Farac Tarihi, V. II, trans. Ö. R. Doğrul, Ankara, 1987.
 Ebu'l-Fida, Tarihu Ebi'l-Fida: Muhtasar fi tarihü'l-beşer, V. IV, İstanbul: Daru't-Tibaati'l-Amire, h. 1286.
 Egorov V., İstoričeskaya geografiya Zolotoi Ordy v XIII-XVI vv [Historical geography of the Golden Horde in the XIII-XVI centuries], Moscow: KRASAND, 2010.
 Evliya Çelebi, Günümüz Türkçesiyle Evliya Çelebi Seyahatnamesi [Evliya Çelebi's Book of Travels], V.I, 2. book, ed. S. A. Kahraman, Y. Dağlı, İstanbul, Yapı Kredi Yayınları, 1999.
 Gali Ahmetova G.G. «Sufizm v Zolotoi Orde», Materialy mejdunarodnoi konferensii «Sufizm v İrane i Sentralnoi Azii» [«Sufism in the Golden Horde», Proceedings of the international conference «Sufism in Iran and Central Asia»], Almaty, 2006.
 Golubovich, Girolamo, Biblioteca bio-bibliografica della Terra santa e dell'Oriente francescano, Quaracchi, V. 1, Firenze: Collegio di S. Bonaventura, 1906.
 Grekov B. D., Yakubovskii A. ., Zolotaya Orda i eyo padenie [The Golden Horde and Its Fall], Moscow- Leningrad, 1950.
 Gumilev L. N., Ot Rusi k Rossii [From Rus' to Russia], Moscow: Ekopros, 1992.
 Hartog, Leo, Chengis Khan. Zavoevatel mira [Genghis Khan: conqueror of the world]. Moscow: Olimp, 2007.
 Ibn Abduzzahir, Muhiddin, Ar-Rawdatu az-Zahiru fi sirati al-maliki az-Zahir, ed. Abdulaziz al-Huwaityr, Riyadh, 1976.
 Ibn Abi Fadail, Mufaddal, An-Nahju as-sadid ua ad-durru al-farid fima ba'd tarihi İbni al-'Amid, ed. Dr. Mohammed Kamaluddin Izzuddin Ali As-Seyyid, Damascus, Daru Sa'duddin, 2017.
 Ibn Battuta, Tuhfatu an-nuzzar fi garaibi al-amsar ua gajaibu al-Asfar, Beirut: Daru al-İhiya'u al-'Ulum, 1987.
 Ibn Haldun, Tarihu ibn Haldun, V. 5, Beirut: Daru al-Fikr, 2000.
 Juveini, Alaaddin Ata Malik, Kitab-i Tarih-i Jihan Gushai, ed. Mohammed b. Abdulwahhab-i Kazvini, V.1, Leiden, Brill, 1911.
 Juzjani, Abu Omar Minhajuddin Osman b. Sirajiddin, Tabaqat-i Nasyri, ed. U. Nassau Lis, Hadim Husein, Abdulhai Sahban, Kolkata, Colle Press, 1864.
 Kırımı, Abdülgaftar, Ümdetü't-Tevarih, İstanbul: Matba'a-i 'amire, h. 1343.
 Köprülü, M. Fuad, Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar [The First Sufis In Turkish Literature], Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, 1984.
 Ocak, Ahmet Yaşar “Sarı Saltık ve Saltıkname”, Türk Kültürü, N: 197, 1978.
 Rumî, Ebü'l-Hayr, Saltık-Nâme, Ed. Ş. H. Akalm, Ankara: Kültür Ve Turizm Bakanlığı Yay, 1987,
 Ruysbroeckli, Willem., Mengü Han'ın Sarayına Yolculuk 1253–1255 [Journey To Mengü Khan's Palace 1253-1255], trans: Z. Kılıç, İstanbul, Kitap Yayınevi, 2010.
 Saunders, J., The history of Mongol Conquests, London, 1971.
 Spuler, Bertold, Zolotaya Orda. Mongoly v Rossii [The Golden Horde. Mongols in Russia. 1223-1502 years]. 1223–1502 gg., trans. M.S. Gatin, Qazan, 2016.
 The Shajarat ul-Atrak, or Genealogical tree of the Turks and Tatars, trans. Col Miles, London, 1838.
 Togan, Zeki Velidî, Umumi Türk Tarihine Giriş [Introduction To Public Turkish History], İstanbul: Enderun Kitabevi, 1981.
 Vernadsky G.V. Nachertanie russkoi istorii [The inscription of Russian History]. Sankt Petersburg: Lan, 2000.
 William of Adam, How to defeat the Saracens, ed. and trans. Giles Constable, Washington DC: Dumbarton Oaks Research Library and Collection, 2012.